

«Келешек»

Автор - Ян Трехерн

Зағип фотограф

Портреттік суреттен оң жақ бұрышына, көрінбейтін кеңістікке сағынышпен қарап тұрған жас әйелді көреміз. Осыған дейінгі жұмыстарымның көбісі сияқты бұл да ақ-қара түсті. Оның сымбатты дене бітімінің, мінсіз терісінің, иығына түскен толқынды шашының ашық реңктері қара реңктермен, күңгірт қабатпен үйлесіп тұр. Әйел сол жаққа сәл еңкейіп, басын қарама-қарсы жаққа иығына бұрғалы тұрғандай кескінделіпті. Модель қалың қара қасты, томпақ ерінді, сол көзі жоғары жаққа, алысқа қараған. Оң көзі жоқ.

Бейне – үстемдікке таласқан жарық пен көлеңке симфониясы. Бетіндегі ең жарқын бөліктер – суреттің ортасынан сәл оңға қарай тұрған мұрнының ұшы, жалаңаш иығы. Жарық түспей тұрған күңгірт жоғары жағы мен мойны да күңгірт.

Менің аты-жөнім – Ян Трехерн. Жарық дүние есігін 2 типті Ашер синдромымен аштым. Ал мүгедек модель Оливия Диннің осы суретін Canon 7D камерасымен және 17 мм - 40 мм линзасымен түсірдім.

Дәрігерлер 15 жасымда көзім көрмейтінін айтқанда қатты толқыдым. Алғашқы сәтте қорқыныштың құшағында шырмалып, бір мезетте сол қорқыныш барынша көбірек көру және істеу арқылы жеңілдейтінін ерте бастан сездім.

Табандылық, батылдық, жігер арқасында фотограф болдым, осы өнердің қыр-сырын игердім. Қазіргі деңгейге жету үшін талай сынақтан өттім, талай сүріндім, өзімді шыңдадым, Надар сияқты осы ғасырдың ұлы фотографтарынан үйрендім.

Зағип болу тура мағынасында ғана емес, астарлы мағынада да оңай емес. Өзімнің өзгеден ерекшеленіп тұратын осал тұсымды білемін, өмірімді жалғастырып, қоғамдағы еншімді алу үшін басқаларға қарағанда көбірек жұмыс істеуім керек.

Мен әлемді басқаша көремін, түйсінемін, қараңғылық арқылы шындықтың жалына жармасамын, өмірдің қиындықтарын жеңу үшін ішкі түйсігіме иек артамын, ақ-қараның мың құбылған ерекшеліктерін жазбай танитын сезімдерімді пайдаланамын.

Фотосуреттер маған адамдармен ара қатынасыма көпір салуға мүмкіндік береді. Әлем туралы, қиындықтар туралы түсінігім объектив арқылы сыртқа шығады, ең жақсы тақырыптар сезімдері риясыз адамның шынайы портретінде хатталып қалған.

Тек қана ақ-қара фотосуретті таңдауыма бала кезімде дыбыссыз фильмдерді көруім себеп болды. Туа біткен саңырау болғандықтан, мені қозғалыстағы суреттер мен бейнелер көрсетілетін дыбыссыз фильмдер қатты қызықтырды.

Портреттік суретте тұлғаның құдіреті бейнеге жан бітіреді, қарапайымды ғажайыпқа айналдырады.

Оливияның портретін көргенде осыны сезінесіз деп үміттенемін. Жақында кейіпкерім Кайто есімді сәбидің анасы атанды. 14 жасында қатерлі ісіктің (ретинобластома) кесірінен оң көзінен айырылған. Мұндай диагноз бес жасқа дейінгі балаларда жиі кездеседі. Менің кейіпкерім осы дертке душар болған «ең кәрі» адам.

Оливия «жоқ көзін» сондай жақсы көреді.

«Ол мені осы жылдар ішінде қол жеткізген барлық дүниелерді жасауыма күш берді. Жоқ көзімнің арқасында бақытымды таптым» дейді.

Оливия мүмкіндігі шектеулі адамдардың айырмашылықтары туралы, қиындықтарын қабылдаудың өзі күш беретінін баяндап берді. Қазір өмір сүріп жатқан қоғамды жаңғырту арқылы кейінгі ұрпақ мақтан ететін қоғам құра аламыз.

Оливия сияқты мен де мүгедектігімді өмірімнің, жұмысымның ажырамас бөлігіне айналдыру арқылы қабылдаймын. Өзімді тек шабытттану үшін ғана емес, сонымен бірге қоғамның зағиптарға қалай қарайтынын білу үшін, көзқарасын өзгерту үшін зағип фотограф деп атаймын.

Фотосуретті меңгеруді ойлаған, бірақ теріс түсініктердің, жаңсақ пікірлердің кесірінен шығармашылықпен айналысудан қорқатындарға басқа зағип жандарды көрсету арқылы шабыттандырғым келеді.

Зағип болу қиын екенін жоққа шығара алмаймын, бірақ жұмысымның әрбір сәтінен шабыт табамын. Фотографтар арасында ғана емес, паралимпиадашылар арасында да осындай көңіл-күйде боламын. Бізді мүгедектер әлеміне қатысты қатып қалған ережелерді өзгерту, қоғамда бұғып жатқан, ескі таптаурын көзқарастарды бұзу біріктіреді.